

Бектесілді:
34.01.24.
[Signature]

«Ертөстік» бөбекжай-бақшасы»

Кеңес

Тақырыбы: « Әдеп деген не?»

Дайындаған: Досанова Ж.

Тексерген: Сакенова А.

Қаңтар айы 2024жыл

Тақырыбы: Әдеп деген не?

Әдеп дегеніміз – қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптардың жиынтық атауы.

Әдеп – 1. Моральдық категория, адамдар қарым-қатынасында ізгілік нормаларын мүлтіксіз орындауды білдіретін ұғым. Белгілі бір халықтың әдет-ғұрпында тұрақтанып қалыптасқан этикалық тәртіп, тәрбие, ізеттілік, сыпайылық, ибалылық. Қоғамдағы адамдар мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптарды білдіреді. Әдептің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтірумен байланысты.

2. Халықтың әдет-ғұрпында қалыптасқан этикалық тәртіп. Игі әдетпен, өміршең әдет-ғұрыппен қалыптасқан ұлттық мәдениеттің көрінісі, мәдени үрдістердің, имандылықтың тірек негізі.

Әдептілік – адам бойындағы жағымды қасиет. Бұл жайында ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби «Әдептілік – әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы, қазынасы» деп бағалаған. Қазақ халқының салтында үлкенді сыйлау әдептіліктің бір үлгісі болып табылады. Ата-ананы сыйлау, оларды қадірлеу, ізет көрсету адамның ең қастерлі қасиеттерінің бірі. Кіші үлкенді сыйласа, үлкендерде өз тарапынан оған лайық ықылас білдірген. Содан барып үлкен мен кіші арасында жарасымды қарым-қатынас орнаған. Ол әдетке айналып әдептілік ережелерін тудырған. Үлкендер отырған жерде сөз жарыстырмай, ізет көрсете білу, көңілге қарай сөз айту қажет кезде өзінді ұстай білу халық дәстүрінде қалыптасқан қасиеттер. Әдептілік адам бойында бірден қалыптаспайды. Ол – біршама жылдардың, қоршаған ортаның, жақсы тәрбиенің жемісі. Ата-ана өз балалары үшін тәртіптілік пен сыпайылықтың, жарасымдылықтың, қамқорлықтың үлгісі, отбасындағы тәрбие құдіреті осында. Адамдар арасындағы қарым-қатынас әдептілікке негізделсе, жан-жағына жылуын шашады, әдепсіз болса қапаландырады. Адам ең әуелі адамгершілігімен әдебімен көрікті.

Әдептілік – өзінді әр түрлі жағдайда мінез - құлықтың жалпы ережелеріне, эстетикалық, этикалық талаптарға сәйкес ұстай білу. Әдепті адам ыңғайсыздық тудыратын жағдайды болдырмауға тырысады. Әдепті болу үшін өзінді-өзі ойша болса да басқа адамдардың орнына қоя білуің керек. Әдепті адам өзінің басқа адамды жек көретінін көпшіліктің алдында білдірмейді, бұл басқаларды ыңғайсыз жағдайда қалдырмау үшін қажетті. Адам мәдениеті жоғары болған сайын, оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы сыпайы бола түседі.

Әдеп – қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптар. Олай дейтініміз, адамның сөйлеу мәнері, іс-қимылы, жүріс-тұрысы, өзін ұстай білуі оның мәдениетті, әдепті екендігін байқатады. Адамның бойынан әдептілік қасиет көрініп тұрса, ол парасатты, адамгершілігі мол екендігін көрсетеді.

Әдептілік – адам бойына үйдегі тәрбиемен, өзін қоршаған ортаның қарым-қатынасымен берілетін қасиет. Ең алдымен әдептілік сәлемнен басталады.

Сәлемдесу – ізеттіліктің белгісі. Ал, ізеттіліктен туатын қағида – әдептілік. Көпшілік орынға келгенде «Сәлеметсіздер ме?» немесе

«Ассалаумағалейкум» деп жалпылама сәлемдескен жөн. Құшақтасып, бет сүйісіп сәлемдесу ер азаматтар үшін ерсі қылық. Ер адам алдымен қол созбаса, әйел адамның ер кісіге қол беріп сәлемдесуі де әдепке жат.

Ізеттілік пен сыпайылық, әдептілік, әдемілік бәрін адам отбасындағы тәрбиеден алады. Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, қорғаны – сабыр, жолдасы – кәсіп, қорғайтын қорғаушысы – мінез, бәрін тәртіпке реттейтін – әдептілік. Біздің халқымыз әр кезде де нақыл сөзді «қазынам», өнегені «өрісім» деп таныған.

Көпшілік орында сағыз шайнау, қаркылдап дауыс шығарып күлу, қоқыстарды көрінген жерге тастай салу, жасы үлкендерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға, балалы немесе жүкті аналарға орын ұсынбау, ұялы телефонмен дауыстап сөйлесу және тағы басқа қылықтар адамның әдепсіздігін көрсетеді. Кез келген ортада эмоциясын тежей білу немесе шыдамды болу арқылы әдептілікке қол жеткізуге болады (Қарсы келген үлкен кісіге жол беріп өткізіп жіберу, өтіп бара жатып тайып кеткен кісіге сүйеу болу, біреудің аяғын басып кетсе, сыпайы түрде кешірім сұрау, ал, егер өзінің аяғын басып кетсе, ашуға бой алдырмау және т.б.).

Көшеде жүріп-тұрудың өз тәртібі бар. Аяқ киімнің тазалығы, шашының таралғандығы сырт көзге әдептілік айнасы іспетті. Келе жатып танысыңызды кездестіріп қалсаңыз, онымен көшенің қақ ортасында тұра қалып сөйлеспеңіз. Ары-бері өтіп жатқан жүргіншілерге кедергі жасамас үшін кездестірген танысыңызбен көшенің бір шетіне шығып, амандық-саулық сұрасқан орынды. Жолды жауып, өзгелердің өтуіне мүмкіндік бермей жүру ерсі көрінеді. Бағдаршамнан өтерде міндетті түрде «жасыл көздің» жануын күтіңіз. Көшенің арғы бетіне кез келген жерден жолды қиып өту өз өміріңіз үшін қауіпті. Жаяу жүргіншілерге арналған жолақты жол (зебра) белдеуінен өткен дұрыс. Гүлзар бақты, көгалды жерді баспауды, көшедегі жарықшамдарын сындырмауды, саябақтардағы

орындыктарға аяқ киіммен шықпауды, түкірмеуді және тағы да басқа жағымсыз іс-әрекеттерге бармауды отбасында үнемі айтып отыру – ұрпақ тәрбиелеп отырған ата-ананың міндеті.

Қоғамдық көлікке кіргенде мүгедектерді, балаларды, егде адамдарды, әйелдерді алдымен өткізеді. Егер бір есіктен кіріп шығатын болса, әуелі адамдардың шығуына мүмкіндік беріңіз. Қоғамдық көлікте қатты сөйлеудің, тамақ жеудің ыңғайы жоқ. Түшкіргенде және жөтелгенде қол орамалды пайдаланып, ауызыңызды жауып отырыңыз. Вагон ішінде өзінің үсті-басын тәртіпке келтірмейді, тырнағын тазаламайды, құлағы мен тісін шұқыламайды, бет бояу немесе шаш жөндеу де жөнсіз. Газет оқығыңыз келсе, оны бүктеп оқыңыз. Көршінің оқып отырған газетіне, журналына үңілу, жолаушыларға қадала қарау әдепсіздік. Қатты күлу де орынсыз. Вагон ішінде үй іші мен қызметтегі істер жайында сөйлеспейді, өзгелердің әңгімесіне құлақ салмайды.

Жұмыстағы мінез-құлық этикасы бұл әріптестер, бәсекелестер арасындағы шынайы және тура қарым-қатынас. Жұмысқа отбасындағы келенсіздіктер кедергі болмауы тиіс. Қызметтік ортада айтылған ақпараттар мен қызметтік құпия сол айтылған төртбұрыштан тысқа шықпауы қажет.

Әдептілік — адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында әдептілікке ерекше мән беріледі. Әбу Наср әл-Фараби “Қайырымды қала адамдарының көзқарастары” атты еңбегінде әдепті әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы деп есептейді. Ғұламаның этика жөніндегі тұжырымдарында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Сондықтан мейірбандық Әдептілік ұғымын толықтыра түседі, оны ұдайы жетілдіріп отырады. М. Жұмабаев 1922 жылы жазған “Педагогика” оқулығында әдептілік сендіру, мәдениеттілік, тәрбиенің нақты іске асқан үлгісі екенін айтқан. Қорыта келе адамның басшысы-ақыл, жетекшісі- талап, қорғаны- сабыр, жолдасы- кәсіп, қорғаушысы- мінез, бәрін тәртіпке реттейтін- әдептілік. Біздің халқымыз әркезде, нақыл сөзді «қазынам», өнегені «өрісім» деп таныған. Өйткені мағынасы, мәні бәрі өмірден алынған. Сонымен өз ниетін түзу болса, жылы сөз айтсаң, біреуге жақсылық жасасаң өзіңе қайтып келеді. Әрқашанда бір-бірімізге жылы сөз айтып, өзімізде сондай жақсы сөз естіп жүрейік. Адам әрқашанда бет сұлулығымен емес, ішкі жан дүниесімен, әдептілігімен, мәдениеттілігімен әдемі.

*Пікір талас
ойын сауық*



*Қаңтар айы
2024 жыл*



№ 2 Хаттама

Әдеп кеңесі

Өткізілген: 24.01.2024

Тақырыбы: «Әдеп» деген не? Пікір, кеңес, ойын-жаттығу.

Мақсаты: «Әдеп» туралы кеңесте пікірталас жүргізіп, ойын-жаттығу арқылы әдептіліктің әдіс-тәсілдерін үйрету.

Педагог Ж.Досанова Әдептіліктің ең басты құралы – ол сәлемдесу. Қазір біз «Сәлемдесу» ойын-жаттығуын ойнаймыз

«Әр елдің салты басқа- иттері қара қасқа» деп халқымыз бекер айтпаса керек. Әр елдің мәдениетіне, тұрмыс салтына байланысты амандасу түрлері де бар. Сол сәлемдесу түрлерінің куәсі болайық.

Алдымен ойынның шартын түсіндіріп өтейін барлығымыз шеңбер бойымен жұп-жұп болып тұрамыз. Мысалы: біз қазақтар қол алысып амандасамыз. Мен сіздерге әр елдің амандасу түрлерін айтып тұрамын, ал сіздер орындауларыңыз керек – деп ойын-жаттығуын бастады. Сәлемдесу түрлері арқылы әдептілікке, кішіпейілділікке, мәдениеттілікке баулуға болатынын дәлелдеп көрсетті.

Әдеп кеңесінде ойнатылған ойын- жаттығу «өте жақсы» деп бағалансын.

Кеңес төрайымы:



Сакенова А.Ш.

Хатшысы:



Аманкосова Д.Ж